

## **"Суперфосфат заводы" АҚ мен "Қазмырыш" ААҚ жұмыстарын тұрақтандыру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 24 маусымдағы N 194

"Суперфосфат заводы" АҚ мен "Қазмырыш" ААҚ жұмыстарын тұрақтандыру мақсатында:

1. "Суперфосфат заводы" АҚ-на "Қазмырыш" ААҚ-нан технологиялық қажетке шарттық негізде айына 25 мың тоннаға дейін мөлшерде күкірт қышқылын қабылдау ұсынылсын.

2. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі Көлік және коммуникациялар министрлігімен бірлесіп он күн мерзімде белгіленген тәртіппен өнеркәсіп кәсіпорындарының күкірт қышқылын өнімді өндірушілер мен тұтынушылардың вагондарында тасымалдау кезінде жеңілдікті тарифтерді қолдану жөнінде шешім қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі белгіленген тәртіппен бір ай мерзімде "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының балансындағы күкірт қышқылы цистерналарын "Қазмырыш" ААҚ беру туралы мәселені қарасын.

4. Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі "МАЭК" мемлекеттік кәсіпорнының "Суперфосфат заводы" АҚ айына 2,3 мың тонна көлемде аммиак беруін қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі күкірт қышқылын қабылдау мен ұқсатуды және аммиактың берілуін үйлестіру мен бақылау мақсатында қызметін "Қазмырыш" ААҚ мен "Суперфосфат заводы" АҚ-ның өз қаражаттарының есебінен қаржыландыру туралы ұсынысы қабылданып, жұмыс тобын құрсын.

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті он күн мерзім ішінде "IBE TRADE Corp" компаниясының басқарушысымен "Химпром" АҚ аммиак қоймасын жалдау шартын жасау туралы мәселені қарасын.

7. Осы өкімнің жүзеге асырылуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрі Ө.Е.Шүкеевке жүктелсін.

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК